



БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 29 желтоқсан

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/189

город Павлодар

Өзін-өзі бағалаудың қорытындылары туралы

Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылғы 23 қарашадағы № 1-03/218 бұйрығына сәйкес білім саласындағы қызмет сапасын арттыру бойынша білім беру ұйымдарының қызметін нысанды талдау және өзін-өзі бағалау мақсатында және 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №18 сәбилер бақшасы кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімі (№2 хаттама) негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымының басшысы өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды бойынша № 18 сәбилер бақшасының Қамқоршылық кеңесі алдында есеп берсін.

2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы материалдар № 18 сәбилер бақшасының ресми сайтына орналастырылсын.

3. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының № 18 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының әдіскері Л.Н. Киселева өзін-өзі бағалау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын құрсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

Б.Е. Кызырова

Бұйрықпен таныстырылды:
Киселёва Л.Н., әдіскер